



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2015 ж. 27 қараша № 387
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«STOPcadr» облыстық
фотоконкурс өткізу туралы**

Павлодар облысы білім беру басқармасының тапсырмасын орындау мақсатында, сонымен қатар, Ресей Федерациясы Омск облысының әкімшілігі мен Павлодар облысының әкімдігінің ынтымақтастық шеңбері аясында
БҰЙЫРАМЫН:

2015 жылғы желтоқсанның 1-і мен 21-і аралығында «STOPcadr» атты облыстық фотоконкурсы сырттай өткізілсін.

1. Төмендегі құжаттар бекітілсін:

- «STOPcadr» атты облыстық фотоконкурсын өткізу туралы ережесі (1 қосымша)
- облыстық фотоконкурсына дайындалу және оны өткізу үшін Ұйымдастыру комитетінің құрамы (2 қосымша), қазылар алқасының тізімі (3 қосымша).

2. Ақпараттық технологиялар орталығына:

- облыстық фотоконкурсына дайындалу және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасасын;
- облыстық фотоконкурсы туралы Ережені білім беру басқармасы, ақпараттық технологиялар орталығының сайттарына жарияласын;
- облыстық фотоконкурсының қорытындысы 2015 жылғы 28 желтоқсанда шығарылсын.

3. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары мен облыстық білім беру ұйымдарының басшылары:

- 2015 жылдың желтоқсанның 21-не дейін Ақпараттық технологиялар орталығына білім беру ұйымдарының облыстық фотоконкурсына қатысу жөніндегі өтінімдері мен жұмыстарын жіберулерін қадағаласын;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Т.Н. Ивановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексейтова

Таныстырылды _____ (Аты-жөні, қолы, күні)

006040

Павлодар облысы білім беру
басқармасының

2015 ж. « 27 » қараша

№387

бұйрығына

Қосымша 1

Жалпы білім беру және ТЖКБ мекемелерінің оқушылары арасындағы «STOPcadr» облыстық фотоконкурс туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ереже

«STOPcadr» облыстық фотоконкурсы (бұдан әрі – Конкурс) – бұл фототүсірілімдерді жасқы көретін жастардың шығармашылық конкурсы.

Конкурс оқушылардың патриоттық сезімдерін, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, оқушылардың қабілеттерін, таланттарын, шығармашылық потенциалын анықтап, дамытуға бағытталған.

Ереже конкурстың мақсаты мен міндеттерін, өткізу мерзімі мен тәртібін, конкурсқа қатысу шарттарын, талаптары мен оларды бағалау критерийлерін, қорытындысын шығару мен марапаттауды анықтайды.

II. Конкурс мақсаты мен міндеттері

Конкурс мақсаты:

Әуесқой фотосуретшілердің шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық талғамын, фотоөнерге қызығушылығын, оқушылардың шығармашылық қызметін дәріптеуді дамыту.

Конкурс міндеттері:

- Конкурсқа қатысушылар арасында талантты визуализаторларды анықтау;
- Әлеуметтік белсенді, шығармашыл жастармен жұмыс жасау үшін қосымша коммуникативті және презентация алаңын құру;
- Жас авторларға шығармашылық қабілеттерін өздігінен танытуға, талантын анықтауға мүмкіндік беру.

III. Конкурс фотожұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар

- Фотосуреттер жоғары сапалы кәсіби немесе жартылай кәсіби фотокамераларға түсірілуі қажет.
- Фотосуреттің өлшемі 3 Мб аз болмау керек. Сайттардан көшірілген фотосуреттер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

- Әр фотосуреттің атауы автордың тегімен және тақырып, номинация, жұмыстың атауы көрсетілуі керек (мысалы, Иванов_2_Студенческие_будни.jpg). Файл jpeg немесе tiff форматында болуы қажет;
- Фотоколлаждар номинацияның тақырыбын ашып, Конкурстың мақсатын көрсету қажет;
- Қатысушы бір бағыт бойынша 3 фотосуреттен көп емес ұсына алады;
- 2015 жылдың 21 желтоқсаны фотожұмыстарды ұсынудың соңғы уақыты;
- Фотоконкурс қатысушысы авторлық құқықтың бұзылуына жауапты;
- Конкурсқа жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және резенция берілмейді, көрсетілім үшін бейкоммерциялық қолданысқа ұйымдастырушылардың өкімінде қалады;
- Конкурсқа қатысу үшін қатысушы қоса берілген форма бойынша өтінімді толтыру қажет.

I V. Конкурс ұйымдастырушылары

Конкурсты ұйымдастырушылар - Павлодар облысының білім беру басқармасы және ақпараттық технологиялар орталығы.

V. Конкурс қатысушылары

Фотоконкурсқа қатысуға құқылы: жалпы білім беру және ТЖКБ мекемелерінің оқушылары.

1. Фотоконкурс ұйымдастырушы комитетіне өтінімді тапсыру көрсетілген нысан бойынша жүргізіледі (*Қосымша 4*);

2. Жұмысты ұсыну (Конкурс фотожұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар 3 тармағы).

VI. Конкурстың кезендері мен оның өткізу мерзімі

Конкурс **2015 жылғы 1 желтоқсан мен 21 желтоқсан аралығында** сырттай өткізіледі. Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру қажет.

Әдістемелік және техникалық талаптарға сәйкес ресімделген өтінімдер мен жұмыстар **2015 жылғы 1 желтоқсан мен 21 желтоқсан аралығында** Ұйымдастырушы комитетінің Павлодар қ. Бектұров көшесі, 2 үй, 2 қабат мекен-жайы бойынша, сонымен қатар **konkurs.cit@bk.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Жұмыстарды сараптау мен бағалауды жұмыс мазмұнына қойылған талаптарға сәйкес **2015 жылғы 21 мен 25 желтоқсан аралығында** конкурстың қазылар алқасы жүргізеді.

2015 жылғы 21 желтоқсаннан кейін ұсынылған жұмыстар конкурсқа қатысуға қабылданбайды.

VII. Конкурс қазылар алқасы және ұйымдастырушы комитеті

Конкурс қазылар алқасы осы ережеде бекітілген критерийлерге сәйкес жұмыстарды тексереді және бағалайды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Барлық қатысушыларға конкурсқа қатысқанын растайтын жеке сертификаттар табысталады. **2015 жылғы 28 желтоқсанда** конкурстың қорытындысы шығарылады, нәтижелері Білім беру басқармасының (<http://edupvl.gov.kz>) және ОАТО (<http://pvlcit.kz>) сайттарында жарияланады.

Жүлдегерлер мен жеңімпаздар келесі номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады:

- «Ерекшелік» номинациясы
- «Сюжеттілік» номинациясы
- «Контраст» номинациясы.

Конкурс қатысушылардың авторлық құқықтары сақталады. Жұмыс авторы үшінші тұлғаның авторлық құқығының сақталуы үшін жауапты.

Егер де конкурстың кез келген кезеңінде осы Ережеге сәйкес келмейтін жұмыстар анықталса, Ұйымдастырушы комитеті авторды уақытылы ескерту мүмкіндігіне қарамастан жұмысты алып тастайды.

VIII. Фотоконкурстың бағыттары

- «Көрікті жерлер» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Студенттік күндер» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Қазіргі заман батырлары» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Ақ-қара фотосурет» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Түнгі қала» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Қалалық пейзаж» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Туған өлке панорамасы» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Салауатты өмір салты» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Бет сұлбасы» тақырыбы бойынша үздік фотосурет;
- «Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша үздік фотосурет.

IX. Жұмысты бағалау критериялары

- тақырыпқа сәйкестігі;
- тақырыпты таңдаудағы шығармашылық көзқарас;
- іске асыру ерекшелігі.

2015 ж. «27» қараша
Павлодар облысы Білім беру
басқармасының
№ 387 бұйрығына
Қосымша 2

**Жалпы білім беру және ТЖКБ мекемелерінің оқушылары арасындағы
«STOPcadr» облыстық фотоконкурсын
дайындау және өткізу үшін құрылған
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Ұйымдастыру комитетінің төрайымы

Каримова Гүлжан Толеубаевна	Облыстық ақпараттық орталығының басшысы.	технологиялар
--------------------------------	---------------------------------------------	---------------

Ұйымдастыру комитеті төрайымының орынбасары

Казтаева Бибигуль Калиардамовна	Облыстық ақпараттық орталығының оқу-әдістемелік жөніндегі директор орынбасары	технологиялар жұмыстар
------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Жиренова Айнагуль Кенжалиевна	Облыстық ақпараттық технологиялар орталығының электрондық оқыту жүйесі бөлімінің басшысы.
----------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------

Баймулдинова Анаргуль Сериковна	Облыстық ақпараттық технологиялар орталығының ақпараттық-әдістемелік бөлімінің басшысы.
------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------

Нургалиева Асия Тимуровна	Облыстық ақпараттық технологиялар орталығының бас маманы
------------------------------	-------------------------------------------------------------

2015 ж. «27» қараша
Павлодар облысы Білім беру
басқармасының
№ 387 бұйрығына
Қосымша 3

**Жалпы білім беру және ТЖКБ мекемелерінің оқушылары арасындағы
«STOPcadr» облыстық фотоконкурсын
қазылар алқасының құрамы**

Қазылар алқасының төрайымы

Иванова Білім беру басқармасы басшысының
Тамара Николаевна орынбасары

Қазылар алқасының төрайымының орынбасары

Каримова Гульжан Облыстық ақпараттық технологиялар
Толеубаевна орталығының басшысы.

Қазылар алқасының мүшелері

Маймышева Білім беру басқармасының бас маманы
Майра Зикеновна

Жиренова Айнагуль Облыстық ақпараттық технологиялар
Кенжалиевна орталығының электрондық оқыту жүйесі
бөлімінің басшысы.

Баймулдинова Анаргуль Облыстық ақпараттық технологиялар
Сериковна орталығының ақпараттық-әдістемелік бөлімінің
басшысы.

Нургалиева Облыстық ақпараттық технологиялар
Асия Тимуровна орталығының бас маманы

Қатысу үшін өтінім

Ұйым туралы мәлімет:	
Білім беру ұйымының атауы, телефон, факс	Өтінім беруші ұйымның мәліметтерін көрсетіңіз. (осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
Пошталық мекен-жайы	Аудан, ауыл атауын көрсетіңіз (осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
Автор (авторлық ұжым) туралы мәлімет:	
ТАӘ (толық)	(осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
e-mail, байланыс телефоны (жеке)	(осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
Жұмыс туралы мәлімет:	
Жұмыстың шығармашылық атауы	(осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
Сынып	(осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
Фотосуреттің қысқаша сипаттамасы	(осы жолды міндетті түрде толтыру керек)
Фотожұмыстардың бағыттары	<ul style="list-style-type: none"> • «Көрікті жерлер» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Студенттік күндер» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Қазіргі заман батырлары» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Ақ-қара фотосурет» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Түнгі қала» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Қалалық пейзаж» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Туған өлке панорамасы» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Салауатты өмір салты» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Бет сұлбасы» тақырыбы бойынша үздік фотосурет; • «Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша үздік фотосурет.